

## Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі елді мекендерінің көшелерін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 28 қаңтарда № 8384 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35–бабының 2–тармағына сәйкес, Ново-Хайрузовка ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі Приморское ауылының келесі көшелері:

- 1) "Ленина" көшесі – "Мұзтау" көшесі;
- 2) "Комсомольская" көшесі – "Ертіс" көшесі болып қайта аталсын.

2. Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі Алыбай ауылының келесі көшелері:

- 1) "Степная" көшесі – "Алтай" көшесі;
- 2) "Школьная" көшесі – "Бұқтырма" көшесі болып қайта аталсын.

3. Катонқарағай ауданы Ново-Хайрузовка ауылдық округі Құндызды ауылының "Центральная" көшесі – "Бастау" көшесі болып қайта аталсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Л. Мамырханова*